

Жанатаева К.Б.  
**Х. Мұбарак тұсындағы  
Египет-Қазақстан  
қатынасының дамуы**

XX ғ. екінші жартысында Араб Шығысы аймағы маңызды саяси және экономикалық үдерістердің тоғысқан жері болып қала берді. Мысырдың тиімді геосаяси жағдайы, адам және табиғи ресурстарының орасандылығы, әскери қуаттылығы сынды факторларды иеленуі оны халықаралық қатынастарда маңызды актор етеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев еліміздің сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтардың бірі – араб және таяушығыстық бағытқа ерекше мән беріп, Мысырдың халықаралық сахнадағы беделді орынды иемденуіне басты назар аударады. Яғни осы мемлекетпен тығыз қатынастар орнату – Қазақстанның дүниежүзілік интеграциялық үрдістерге белсенді қатысып, араб әлеміне жол ашады деп сенім танытқаны да мәлім болатын.

**Түйін сөздер:** Египет Араб Республикасы, Қазақстан Республикасы, дипломатиялық қатынастар, келісімдер.

---

Zhanataeva K.B.  
**The development of relations  
between Kazakhstan and Egypt  
during the years of mubarak**

In this article development of relation of Kazakhstan is examined with Arabic Republic of Egypt in the years of president X. Mubarak. The level of development of collaboration of two countries comes into question in different spheres.

**Key words:** Republic of Kazakhstan, Arabic Republic of Egypt, diplomatic relations, agreements.

---

Жанатаева К.Б.  
**Развитие отношений  
Казахстана и Египта в годы  
Х. Мубарака**

В данной статье рассматривается развитие отношений Казахстана с Арабской Республикой Египет в годы президента Х. Мубарака. Обсуждается уровень развития сотрудничества двух стран в различных сферах.

**Ключевые слова:** Египетская Арабская Республика, Республика Казахстан, дипломатические отношения, договоры.

## **Х. МУБАРАК ТҰСЫНДАҒЫ ЕГИПЕТ-ҚАЗАҚСТАН ҚАТЫНАСЫНЫҢ ДАМУЫ**

Қазақстан мен Египет арасындағы қарым-қатынас тамыры тереңде жатқаны сөзсіз. Кеңес Одағы күйрегеннен кейін Египет Араб Республикасының темір шымылдық артындағы мемлекеттермен қатынасын орнату және нығайта түсуі орынды. Әсіресе, Орталық Азиядағы ірі мемлекеттердің бірі ретінде танылған Қазақстан Республикасымен ресми байланыс орнату Таяу Шығыс елдері шеңберінде ерекше маңызды орынға ие болды. Мысыр елі негізінен екі мемлекет арасындағы геоэкономикалық жағдайды, әрі екі ел арасындағы ортақ мәдени құндылықтарды да басты назарға алған болатын. Сонымен бірге екі елдің ядролық қарудан ада аймақ құру және әлемде ядролық қаруды таратпауға қатысты ұстанымдары да тоғысқаны мәлім. Бұл екі елдің қауіпсіздікке, тұрақтылық пен бейбіт дамуға деген ұмтылыстарынан көрініс тапқан еді.

Египет пен Қазақстан арасындағы географиялық алшақтыққа қарамастан, екі мемлекеттің де бірқатар тоғысар нүктесі бар екені аян. Қазақстан Орталық Азиядағы қаншалықты жетекші мемлекет саналса, Мысыр елі де таяушығыс аймағында өзіндік орны бар мемлекеттер қатарынан табылған болатын. Екі мемлекетте өз орналасқан аймақтарында тұрақтылық кепілдігі ретінде тыныштықты сақтауда барынша тырысып баққан елдер. Екі мемлекет аймақ тұрақтылығы мәселесінде бір-бірін толықтырып келген. Қазақстан Мысырдың лаңкестікпен күресу жолындағы шараларын үнемі қолдайды.

Қазақстан саясатының негізгі аспектісі – араб әлемінің көшбасшысы Египет Араб Республикасы. Египетпен қарым-қатынастар республика тәуелсіздігінің бірінші күндерінен бастап, сыртқы саясатының араб және таяушығыстық басымдықтың негізгісі болып табылады. Египеттің халықаралық аренадағы беделді орынды иемденуімен өзекті. Яғни осы мемлекетпен тығыз қатынастар орнату – Қазақстанның дүниежүзілік интеграциялық үрдістерге белсенді қатысып, әлемдік қауымдастықта заңды орнын иемденуге мүмкіндік туғызар еді.

Египетпен біз тарихи, мәдени және рухани тұрғыдан алып қарағанда өте жақынбыз. Сол себепті екі ел арасында тұрақты әрі тығыз қатынастар орнатылған. Қазақ және Мысыр арасындағы байланыстардың алға басуы мен беріктігінің дәлелі ретінде Каир қаласының губернаторлығы Каирдің жаңа

Маади қалашығындағы ҚР елшілігі орналасқан көшеге ұлы қазақ ақыны Абай есімін беру шешімін қабылданды. 1999 жылы 13 наурызда Каирде өткен көше атын өзгерту салтанатына Астана әкімі, Каир губернаторы, Каирдегі ТМД елдері, Түркия, Моңғолия мемлекеттерінің елшілері мен бірқатар мысырлық тұлғалар қатысқан болатын.

Египет Араб Республикасының, оның ішінде Каирде қолданыстағы заңдылық ережелер мен әдетке сәйкес жергілікті басқару органдары қала көшелеріне, алаңдарына басқа шетелдік қайраткерлердің есімдерін беруге шектеу қойған. Өзінің ұлттық тарихында елеулі орын алған тұлғалар мен жалпыарабтық мәдени және саяси қайраткерлердің есімдерін дәріптейтін елде мұндай жетістікке қол жеткізген шетелдік тараптар санаулы. Тіпті миллиардтаған қаржы жұмсап, «ғасыр құрылыстарын» жүргізіп, саяси-экономикалық ықпалға ие болған КСРО-да осы бағытта көше немесе алаң атауын иеленуге қол жеткізбеген. Осындай бөгеттерден өтіп, араб жерінде ұлы Абайдың танылуы екі жақтың мәдени қатынастарының маңыздылығын асыра түсіреді.

Қазақстан мемлекеті өз тәуелсіздігіне қол жеткізгенде Мысыр елі еліміздің тәуелсіздігін ең бірінші мойындаған мемлекеттердің қатарында болып, Қазақстанда өз өкілдігін ашқан араб елдерінің алғашқысы болатын. Біздің елімізде араб әлеміндегі алғашқы елшілігін Каирде ашқан еді. Мысыр – ұзақ ғасырлар бойы ғылым мен білімінің орталығы, өркениеттің бесігі саналған ел. Қазақстан-Египет қатынастары өз бастауларын 1992 жылдың 6 наурызынан алады. Екі ел арасындағы қатынастардың құқықтық негізі Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы Египет Араб Республикасына сапары кезінде біршама келісімдерге қол қою арқылы дамыған.

Аталған сапар барысында Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастық негіздері туралы келісімге, сонымен қатар бірқатар үкіметаралық келісімдер мен хаттамалар топтамасына жататын Ақпарат ынтымақтастығы туралы хаттамаға, экономика, ғылым және техника туралы келісімге, инвестицияны ынталандыру туралы келісімге, сауда келісімі және ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Және де екі жақты саяси ынтымақтастықтың негізі болып табылатын «ҚР сыртқы істер министрлігі мен ЕАР сыртқы министрлігі арасындағы саяси консультациялар туралы хаттамада» қарастырылды.

Қазақстан президенті Мысыр еліне ресми сапарынан кейін екі ел арасында жан-жақты ынтымақтастық нығая түсті. Екі ел арасындағы саяси байланысқа тоқтала кетсек, саяси байланыс негіздері Мысырдың Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары кеңесін (АӨӘСШК) дайындау процесіне белсенді қатысуынан кейін нығая түсті. Мысырдың жалпыазиялық қауіпсіздік бастамасын қолдауы Қазақстан үшін маңызы зор еді [1].

1997 жылы желтоқсан айында Алматыда өткен АӨӘСШК дайындауға қатысты мәжіліске Мысыр сыртқы істер министрінің орынбасарының қатысуы екі жақты қатынастың дами түсуіне серпіліс берді. Египеттің Азиядағы өзара әрекет және сенім шаралары кеңесіне бақылаушы ретінде тағайындалуына Қазақстан тарапынан жоғары баға берілген де болатын.

Сонымен қатар Египет Қазақстанның әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съезін өткізуде қолдағанын айта кеткен жөн. 2003 жылы қыркүйекте Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші съезіне дін өкілдерін әл-Азхар шейхы Мұхаммед Тантауи мен Египет уақыф (дін істері бойынша) министрі Махмұд Закзук бастап келген болатын. Египет уақыф министрінің Қазақстанға ресми сапарлары 2006 жылы және 2008 жылы 17 қазанда да жалғасын тапқан болатын.

1997 жылы наурыз айында Мысыр сыртқы істер министрінің Еуропа істері бойынша орынбасары М.Ф. аш-Шазли бастаған мысырлық делегация сапары барысында екі ел арасындағы сауда байланыстарын нығайту, оның ішінде халық тұтынатын тауарлармен қамтамасыз ету, банк саласы, мұнай өнеркәсібі, құрылыс саласы, Қазақстан инфрақұрылымын дамыту, кен орындарын бірлесе игеру салалары бойынша ынтымақтастықты дамыту керектігі нақтыланды [2]. Сондай-ақ екі ел арасындағы саяси байланыстардың дамуына табиғи байлықтарын, жұмысшы күштерін және өндірістік технологиялық мүмкіншіліктерін ортақ пайдалану қарастырылды.

Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынасты нығайтуда маңызды саналған 2006 жылы қарашада Египет Араб Республикасының сол кездегі президенті Хосни Мұбарактың Астанаға алғашқы және соңғы ресми сапары. Сапар барысында Қазақстан мен Египет арасында дипломатиялық төлқұжат иелерін визадан босату туралы үкіметаралық келісіміне қол қойылды. Сондай-ақ екі тарап Қазақстан мен Египет арасындағы тауар нарығының қол жетімділігіне

қатысты және Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі шеңберінде қызмет ету туралы келіссөздердің аяқталғаны туралы Хаттамаға, мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы екі елдің үкіметі арасындағы өзара түсіністік меморандумына қол қойылды.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың Мысыр еліне 2007 жылы 11-14 наурыз аралығында екінші рет ресми сапарын жасаған болатын.

Бүгінгі таңда Қазақстан мен Египет мемлекет арасында 30-дан астам екі жақты келісімдер, бір мемлекетаралық келісім, он шақты үкіметаралық және де ведомствааралық келісімдер бар.

Аталған келісімдерге мемлекет басшыларының жоғарыда аталған ресми сапары барысында және де үкіметаралық комиссиялары сапары барысында қол қойылған болатын. Соның ішінде 1995 жылы 24-28 мамыр аралығында Каирде өткен экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық бойынша қазақстан-египет біріккен үкіметаралық комиссиясының бірінші отырысы маңызды. Бұл үкіметаралық комиссияның біріккен екінші отырысы 2001 жылы 21-22 маусым аралығында Астанада өткен болатын. Екі елдің экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық бойынша қазақстан-египет біріккен үкіметаралық комиссиясының үшінші отырысы 2003 жылы 27-28 желтоқсанда Каирде өтсе, төртінші отырысы 2007 жылы 26-27 ақпанда Астана қаласында өткен болатын.

Сондай-ақ 2008 жылы 24 қаңтар мен 2 ақпан аралығында ҚР Парламенті мәжілісінің төрағасы А. Мусиннің Египетке Ислам Конференция Ұйымы отырысына қазақстандық парламент өкілдерін бастап барғанын да атап өткен жөн. Өйткені кейін 2011 жылы Қазақстан аталған ұйымға төрағалық еткен еді. Екі ел арасындағы қатынастың жандана түсуіне Қазақстанның Ислам конференциясы ұйымына (ИКҰ) енуі септігін тигізді. 1995 жылы 12 желтоқсанда Конакриде (Гвинея) өткен ИКҰ-ға мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің конференциясында Қазақстан Республикасы аталған ұйымға толыққанды мүше болып қабылданды.

Екі ел арасындағы қатынасты дамытуда негізінен ЕАР СІМ жанынан құрылған ТМД елдерімен техникалық ынтымақтастық қорының қосқан үлесі зор. Қордың ұйымдастыруымен 500-ден астам дипломатия, туризм, журналистика және т.б. салалардағы қазақстандық мамандар Египетте тәжірибеден өтуге мүмкіндік алды.

2001 жылы қарашаның 11-інде Каирде Қазақстан мен Египет Араб республикалары үкіметтері арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім жасалған болатын. Бұл құжатты бекітуді көздейтін заң жобасын қарап шыққан Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеті қорытынды жасады. Аталған келісімнің мақсаты Қазақстан мен Египет республикаларының аумақтары арасында әуе қатынасын орнату үшін құқықтық негіз құру болып табылады. Келісімнің екінші бабына сәйкес тараптар тағайындаған әуе компанияларының белгіленген маршруттары бойынша келісім желілерін пайдалану кезінде басқа тарап мемлекетінің аумағы арқылы қонбастан ұшып өту, көрсетілген аумақта коммерциялық емес мақсатта аялдама жасау сынды құқықтарды өз міндеттеріне алады. Келісімнің тармақтарында айтылған негізде халықаралық байланыспен тасымалданатын жолаушыларды және жүкті бортқа қабылдау немесе түсіру мақсатында басқа тарап мемлекетінің аумағында аялдама жасамауға құқылы екендігі белгіленген.

Екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарға тоқталсақ, ҚР статистика агенттігінің 2007 жылғы мәліметі бойынша, Қазақстан мен Египет арасындағы тауар айналымы 76 млн 020, 4 мың АҚШ долларын, оның ішінде экспорт 65 млн 971, 2 мың АҚШ долларын, ал импорт 10 млн 49, 2 мың АҚШ долларын құраса, бұл көрсеткіш 2014 жылы 50 млн АҚШ долларын қамтығанын ұлттық экономика министрі Е. Досаев Египет Араб Республикасының индустрия және сауда министрі Мунир Фахри Абдел Нұр мырзамен кездесу барысында жариялаған болатын. Аталған көрсеткіш 8 айда көтерілгенімен, өкінішке орай жыл санап айтарлықтай төмендегені байқалады. Дегенмен Египетпен тауар айналысы 2006 жылы қаңтар-тамыз айларында 14,5 мың АҚШ долларын құраған болатын.

Бүгінде мемлекеттер арасындағы сауда айырбасы көлемі айтарлықтай қомақты көрсеткішті көрсетпейді. Дегенмен екі жақ экономикалық ынтымақтастықты кеңейту бойынша алға ілгерілеушілік қадамдарды жасауға талпындыратын ұсыныстар білдіріп отыр. Бірақ мәселенің түйіні тауар тасымалдауға келіп тіреледі, өйткені екі ел тауарларын тасымалдайтын тікелей транспорт дәлізінің жоқтығы кері залалын тигізіп отыр. Тауар тасымалдау әрекеттері тек «үшінші» мемлекет арқылы жүзеге асырылатындықтан, Египет өз тауарларының бағытталған орынға дейін толыққанды сақталып жеткізілетіндігіне күмән келтіреді. Осы күнге дейін мысыр тауарлары

ТМД елдері арқылы жеткізіліп келсе, енді Түркия арқылы тауар тасымалдау мәселесі қарастырылып отыр. Осыған орай 1995 жылы қаңтар айында Қазақстанның бірнеше іскер топ өкілдері Египеттен тауарды әуе жолы арқылы жеткізу мүмкіндігін қарастырды.

Екі ел арасындағы ұзақ қатынастар ауыл шаруашылығы саласында қамтыды. Қазақстан астықты сыртқа шығаруда әлемдік жетекші мемлекет саналса, ал Мысыр бұл тауарды импорттаушы ең мемлекет болып табылады. 2006-2010 жылдары Қазақстан Мысырға 1 млн тоннадан астам астық жөнелткен. Бұл ауылшаруашылық сауда қатынасы бүгінде жалғасын табуда.

Екі мемлекет арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастарды айтпас бұрын, екі халықтың тарихын ортақ байланыстыратын Сұлтан аз-Заһир Бейбарысты еске түсіреміз. Осы негізде Қазақстан Каирдегі сұлтан Бейбарыс мешітін қайта күрделі жөндеуден өткізуге 4,5 млн АҚШ долларын бөлген болатын. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы шетелдегі ірі тарихи-мәдени іс шара жобасы болып табылады.

Сондай-ақ екі ел арасында фармацевтика саласында да қатынас орнатылған. Біздің елімізде бүгінде Египеттен келетін 40-қа жуық дәрілер мен 30-ға жуық медициналық өнімдер тіркелген. Біздің еліміз мысырлықтар тарапынан дәрілерді шығару бойынша бірлесіп жұмыс жасау үшін біздің елде біріккен өндіріс салу ұсынысы да жасалған еді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін діни ынтымақтастық мәселесі жоғары деңгейде бірінші рет осы Мысыр жерінде талқыланған болатын. Қазақстан президенті 1993 жылы әл-Азһар университетіне Қазақстаннан 25 студент қабылдауын өтінген болатын. Сондай-ақ сол жылы Алматыда ірі ислам орталығын ашу мәселесі қарастырылды. Египет елі аталған ислам орталығын салу құрылысын өз тарапынан қаржыландыратынын мәлімдеген болатын. Осылайша бұл орталықтың алғашқы тасы 1993 жылы 16 маусымда қаланған еді. 2001 жылы Алматыда «Нұр-Мұбарак» институты ашылды. Алматыда үлкен ислам орталығын ашуды ұйымдастырған танымал шығыстанушы, ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі екенін атап кеткеніміз жөн.

Сондай-ақ Қазақстан мен Египет арасында білім және ғылым саласында да ынтымақтастық жақсы орынға қойылған болатын. ЕАР Қазақстан жастарын Египет жоғары оқу орындарында әртүрлі мамандықтар бойынша ешқандай қайтарымсыз негізде толық білім алып шығуға көмектесуде. Әрі қазақстандық

мамандарды қайта даярлап, оқу және ғылыми зерттеу мекемелерінде тәжірибеден өткізуге ЕАР 1 млн доллар қаржы жұмсап отыр. Қазіргі кезде Египеттің жоғары оқу орындарында Қазақстаннан 120 студент білім алууда. Осы жылдар ішінде ТМД елдерімен техникалық ынтымақтастық Египет қоры есебінен Каирде әртүрлі саладағы мыңнан астам қазақстандық мамандар тәжірибеден өтті. Египет Араб Республикасының Білім министрлігі Қазақстан үшін жастарға білім алуға жыл сайын шамамен 40 грант бөліп отырады [3]. Сондай-ақ екі мемлекеттің жоғары оқу орындарының ұстаздары мен ғалымдарына да ынтымақтастық саласында жол ашылған. Қазақстандық оқытушыларды біліктілікті көтеру курстарына жіберумен бүгінде Алматыдағы Египет мәдени орталығының айналысып отырғанын айта кеткен жөн.

Осылайша Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бірінші күндерінен бастап, сыртқы саясатының араб және таяушығыстық басымдықтың негізінде Египеттің халықаралық аренадағы беделді орынды иемденуі басты назар аудартқаны сөзсіз еді. 2010-2012 жылдардағы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы жағдай аймақтағы саяси ахуалдың тұрақсыздығына әкеліп соқтырды. Сондай-ақ ел ішіндегі келеңсіздіктер мен саяси-экономикалық дағдарыстар елдің жағдайын ушықтыра түсіп, билікті кінәлі деп санады. Мемлекеттік аппараттағы сыбайластық, демократиялық еркіндікті шектеу, билікті «мұрагерлік мемлекетке» айналдыруы басқарушы билікке қарсылықты тудырып қана қоймай, оны өрістетіп, оппозиция қатарын өсірді. Осындай ішкі фактор үрдісі Египетте де байқалып, әртүрлі факторлар салдарынан шамамен 30 жыл билікте (1981-2010) ел президенті Хосни Мұбарактың биліктен кетуіне әкеліп соқтырды.

Ұзақ жылдар бойы араб әлеміндегі түйткіл мәселелерді шешуде өзіндік орынға ие болып келген жетекші араб елі Мысыр елінің ішкі жағдайының шиеленісіп, қиын саяси-экономикалық жағдайға тап болуы біздің елді де толғандырады. Бүгінде Қазақстан мен Египет арасындағы қатынастар екі ел мүмкіндіктерімен сәйкес емес екендігі мәлім. Сондықтан да қазіргі таңдағы біздің сыртқы саясатымыздың стратегиялық сипатқа ие мақсаты қазақстандық-египеттік байланыстарды екі елдің әлеуетіне сай деңгейге көтеру болып отыр. Өкінішке орай екі жақ әлі де болса өзара қатынастың бар мүмкіншіліктерін толық пайдаланып отырған жоқ. Ал бұл өз кезегінде уақыт еншісінде деп білеміз.

**Әдебиеттер**

- 1 Малько Л. Казахстан и Египет придерживаются близких позиций по многим международным проблемам. Интервью с Чрезвычайным и Полномочным послом РК в Египте Б.К. Амреевым. Казинформ. 19.04.2005.
- 2 Тайжан Болатхан. Аталы сөздер [Текст]: Елші күнделігінен. 1-кітап. – Алматы, 2007.
- 3 [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/cooperation/asia\\_africa](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/cooperation/asia_africa)

**References**

- 1 Malko L. Kazahstan i Egypt priderzhivaiytsia blizkikh pozitsii po mnogim mezhdunarodnym problemam. Interviy s Cherezvychaynym i Polnomochnym poslom RK v Egipte B.K. Amreevym. Kazinform. 19.04.2005.
- 2 Taizhan Bolathan. Ataly sozder [Teksti]: Elchi kundeliginen. 1-kitap.-Almaty, 2007.
- 3 [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/cooperation/asia\\_africa](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/cooperation/asia_africa)